

## Қостанай облысы Қостанай ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 наурыздағы № 2 қаулысы және Қостанай облысы мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 242 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 наурызда № 7630 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Қостанай облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 16 қарашадағы және 2017 жылғы 4 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Қостанай ауданының жергілікті өкілді және атқарушы органдарының ұсынуы бойынша, Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қостанай облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің Давыденов ауылы Қостанай облысы Қостанай ауданы Александров ауылдық округінің Еңбек ауылы деп қайта аталсын.

2. Қостанай облысы Қостанай ауданының Борис-Романов ауылы Қостанай облысы Қостанай ауданының И.Ф. Павлов атындағы ауыл деп қайта аталсын.

3. Қостанай облысы Қостанай ауданы Глазунов ауылдық округінің Семенов ауылы Қостанай облысы Қостанай ауданы Глазунов ауылдық округінің Қостомар ауылы деп қайта аталсын.

4. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі	А. Мұхамбетов
Қостанай облыстық мәслихаты сессиясының төрайымы	И. Дмитриева
Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы	С. Ещанов